Сөз алды биология пәні мұғалімі Серикбай Б. «Мінезінде ауытқуы бар балаларды анықтаған соң не істеуге болады?»

Мадышова А.О. «Мұндай балаларды тек сынып жетекшісі емес, пән мұғалімдері де байқауға болады. Егер осындай балаларды байқасаңыздар, бізге, яғни психологтарға айтыңыздар. Қажетті көмек, тиісті жұмыстар жүргіземіз».

Камерхан Р. «Суицидке бастауыш сынып оқушыларын қалай тексеруге болады және олардың темпераменттеріне байланысты болады ма?»

Санкей Р. «Бастауыш сыныптарда салған суреттері арқылы байқауға болады. Иә, балалардың темпераменттері де әсер етеді».

Тыңдалды 2-сұрақ бойынша Шамұратова Г. Ш. Ақпан, наурыз айларында әлеуметтік педагогтың жүргізілген жұмыстары: мектептің әлеуметтік картасы жинақталды, сыныптардың әлеуметтік картасы жинақталды, 1-11-сынып оқушыларың сабаққа қатысуы қадағаланды, үйден оқитын оқушылардың тұрмыстық жағдайы зерттелді, байланыс жасалды, АӘК алатын отбасы анықталды, құжаттарды жинақталды. Қашықтықтан оқыту жүйесінде сенімді қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік қолдау жұмыстары жүргізілді. Ата-ана, мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді кері байланыс жолдары жолға қойылды. Сонымен қатар әлеуметтік педагог жоспары ПС, ТІЖО байланыс жоспары жолға қойылды. ІҮ тоқсанда барлық сыныптар дәстүрлі оқуға көшу кезінде тегін тамақ ұйымдастырылуы мүмкін. Сол себептен әр отбасыны тыңғылықты тексеру керек. Қазіргі таңда 8 бала АӘК алатын отбасы балалары тіркелген.

Тыңдалды 3-сұрақ бойынша Арилина А.Б. Бірнеше күннен кейін ІҮ тоқсан басталады. ІІІ тоқсанда қалай оқыдық, солай жалғаса береді, яғни 1-4,5,9,11-дәстүрлі, 6,7,8,10-қашықтықтан. Кабинеттер санитарлық талаптарға сай болу керек: антисептик, дәретхана қағазы, бетперде, дымқыл (влажные) салфеткалар, сабын. Оқушылар арақашықтықты сақтау керек. Үзіліс уақытында кезекшілік күшейтілсін. Автобус тасымалы жалғасады. Балалардың қауіпсіздігіне назар аударыңыздар. Ата-аналары өздері мектепке балаларды әкеліп, өздері әкетіп отырсын. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалаңыздар. Себепсіз сабақтан қалу болмасын. Егер денсаулығына байланысты сабақты босатса, анықтамасын талап ету керек.

Сөйлегендер:

1. 10 «А» сынып жетекшісі Тегисхан Л.: «Сыныбым қашықтықтан оқыса да, кабинетім талапқа сай жабдықталған».
2. 5 «Б» сынып жетекшісі Шаймардан Гүлжаз: «Карантин кезінде балалардың үйлеріне баруға болады ма?»
Шамуратова Г.Ш: «Егер өте қажет болса, ата-анасымен алдын ала хабарласып алыңыздар. Бару мақсатыңызды айтыңыз, егер рұқсат берсе, баруға болады».

Қаулы етті:

1. Хабар мәліметке алынсын.
2. Психологиялық қызмет жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Тегін тамаққа қажетті құжаттар уақытында жинақталсын.
4. Оқу кабинеттері санитарлық талапқа сай жабдықталсын.
5. Сынып жетекші жұмысы қатаң бақылауға алынсын.

Отырыс төрағасы:
Хатшысы:

Арилина А. Б.
Каден Т. М.

Хаттама № 1
Мектепшілік ата-аналар комитетінің жиналысы

«Қоянды ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қоянды ауылы

02. 04. 2021 жыл

Қатысқандар:

Мектеп директоры Каратаев Т. Б.
ДОІЖО Смагулова Р.М., Савилхан М.
ДТІЖО Арилина А.Б., Каден Т. М.
Әлеуметтік педагог Шамұратова Г. Ш.
Қамқоршылық кеңес төрағасы Көтбай Шайзада
Аналар кеңесінің төрайымы Әбдірәсілова Д.Ж.
Бас маман Жумагулова Ризагуль Сенбаевна
Ата-аналар комитеті – 54 адам

Күн тәртібі:

1. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» мектеп директоры Каратаев Т. Б.
2. Мектеп туралы мәлімет
3. 9,11-сыныптарында қорытынды аттестаттау жүргізу. (ОТІЖДО Савилхан М).
4. Мектептің ішкі тәртібінің ережелері (ДТІЖО Арилина А.Б.)
5. «Ақмола облысының Білім басқармасы» КММ хаты туралы (Арилина А.Б.)
6. Мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.
7. Әртүрлі сұрақтар

Тыңдалды 1-сұрақ бойынша Каратаев Т.Б. Баяндамада бала тәрбиесі туралы айтылды. Қай ғасырда болсын, тәрбие мәселесі назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінңі бірі. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен өзінің ұрпағымен тікелей байланыстырады. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар», - дегендей бала отбасы жалғастығы, ұрпағы. Ал тәрбие тал бесіктен емес құрсақтан басталады. Оның себебі болашақ ана баланы бесіктен емес, құрсақтан бастап тәрбиелеуі керек. Балаға деген мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықыласы мен тәрбиесінен берілетін құнды дүние. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі мақсаты – болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне, дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмектеседі. Себебі, білім тәрбие арқылы беріледі. Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Болашақ білімді, дарынды, адамгершілігі мол ұрпақ үшін өте маңызды.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. Шын мәнінде бүгінгі жас – ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмаймың» деп бекер айтпаған. Сол себептен баланың бойына ізгілік, мейірімділік, адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Отбасында ата-ана баланың жеке басын танып білуге де міндетті:

1. Бала туралы жалпы мағлұматтарды;
2. Оқуға қабілеті мен әрекетін;
3. Баланың еңбекке әрекеті мен бейінін;
4. Баланың арнайы қабілеті
5. Баланың тәртібін;
6. Баланың темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктерін. Осы орайда отбасындағы ата-анаға жауапкершілік те туындайды.

Қорытындылай келе, белгілі жауынгер Б. Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқымыз келеді. Отбасы – ата-ана – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады.

Тыңдалды 2-сұрақ бойынша Каратаев Т.Б. Қатысушалрға мектеп туралы қысқаша мәлімет айтылды.

Мектеп тақырыбы: Оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын пайдалана отырып, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру

1. Мектеп бойынша барлық сынып-комплект саны: 56

Бастауыш сынып саны- **32**

5-9 сыныптар сынып саны- **20**

10-11 сыныптар сынып саны- **4**

Ұлдар –663

Қыздар -662

Барлық оқушы саны: 1325(1-ақпан күні 1296 оқушы болған)

1-4 сыныптар оқушы саны- **774**

5-9 сыныптар оқушы саны- **482**

10-11 сыныптар оқушы саны- **69**

Сыныптар бойынша мәлімет:

1 сыныптарда **8** сынып комплект, **184** оқушы

2 сыныптарда **8** сынып комплект, **203** оқушы

3 сыныптарда **9** сынып комплект, **217** оқушы

4 сыныптарда **7** сынып комплект, **170** оқушы

5 сыныптарда **6** сынып комплект, **157** оқушы

6 сыныптарда 6 сынып комплект, **114** оқушы
 7 сыныптарда 4 сынып комплект, **87** оқушы
 8 сыныптарда 3 сынып комплект, **72** оқушы
 9 сыныптарда 2 сынып комплект , 4 топ, **52** оқушы білім алуға.
 10-сыныптар жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша оқиды.
 10А сынып 17 оқушы, таңдау пәні химия биология
 10 Ә сынып 20 оқушы, таңдау пәні физика биология
 11-сыныптар жаратылыстану – математикалық бағыты бойынша оқиды.
 11А сынып 1 сынып комплект, 15 оқушы, таңдау пәні география, биология
 11 Ә сынып 1 сынып комплект, 17 оқушы, таңдау пәні физика, биология
Мектепте 118 мұғалім қызмет атқаруда, жоғары білімді 95, арнайы орта 23

1- педагог шебер	жоғары санатты -1
8 – педагог зерттеуші	1 санатты -5
25- педагог сарапшы	2 санатты -4
13 – педагог модератор	санатсыз – 61
15 магистр	

2. **Әлеуметтік жағдайы:** Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны - 325, қамқоршылықта – 9 оқушы, жартылай жетім балалар саны - 18, денсаулығына байланысты 3 оқушы үйден оқытылады, ата-анасынан айырылған – 6 оқушы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны - 8, оларда 12 бала тәрбиеленуде, толық емес отбасы - 20. Қашықтықтан оқу барысында жаппай оқумен қамтамасыз ету қорынан 94 құрылғы ата-аналарға таратылған болатын: 7 планшет, 8 компьютер, 79 нетбук.

ІҮ тоқсанда дәстүрлі оқу форматына ауысуына байланысты аталған құрылғылар жинақталды. Қазіргі уақытта 13 құрылғы мектеп қорына тапсырылмаған. Түрлі себептерге байланысты 4 құрылғы жарамсыз жағдайда болды. Ата-ананың қаражатына 1-еуі жөндеуден өтті, ал 2-еуі берілген уақыт ішінде өз қаражаттарына жөндетіп өткізеді. Отбасы жағдайына байланысты 1 құрылғы жарамсыз күйде мектепке тапсырылды. (Ата-анасының қолхаты мен түсініктемесі алынды)

Мектепте 43 - компьютер, 151- ноутбук, 106 -нетбук, 8- планшет, барлығы - 308 құрылғы бар.

Сонымен қатар 4 – мультимедиялық, 6- лингафон және 57 – оқу кабинеті бар. Кабинеттер заман талабына сай жабдықталған және рәсімделген.

Кітапханада - 36 ноутбук, мұғалімдер бөлмесінде -14 ноутбук, лингафон кабинетінде – 78 ноутбук қойылған.

Кітапхана – 60 орындық, акт залы – 380 орындық, асхана – 420 орындық.

Мектепте 2 спорт зал және мектеп ауласында 2- спорт алаңы, 600 оқушы арналған киім ілгіш бар.

Мектеп газдандырылған қазандық жүйесі арқылы жылытылады.

Ағымдағы жылдың 1-наурызынан бастап, мектепте «Сырғалым» қыздар клубы, «Жас сарбаз», «Қыран» дебат клубтары ашылып, өз жұмыстарын

бастады. Оқушылардың шығармашылық және қабілеттерін дамыту мақсатында ақысыз үйірмелер ашылды:

«Жауқазын» вокалдық хор үйірмесі, жетекшісі Хатпа Серікгүл

«Үкілі домбыра» домбыра үйірмесі, жетекшісі Сіләнбек Ләлә

«Жас шабыт» би үйірмесі, жетекшісі Дюсембинова Райгуль Салимжановна.

Дене шынықтыру мұғалімдерінің өткізетін спорттық секциялары: үстел ойындары (тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы), күрес, волейбол, баскетбол, футбол. Алдағы уақытта басқа да үйірмелер мен секциялар ашылуы жоспарланып отыр.

Тыңдалды 3-сұрақ бойынша Савилхан М. Биылғы оқу жылында 9,11-сынып оқушыларына қорытынды аттестаттау төмендегідей өтеді.

9-сынып оқушылары 3 емтихан тапсырады:

- қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан;
- математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
- орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан.

11-сынып оқушылары 4 емтихан тапсырады:

- қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан;
- алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан;
- Қазақстан тарихынан тестілеу;
- орыс тілінен тестілеу.

Биылғы ҰБТ-ның басты ерекшелігі:

1). Міндетті және бейіндік пәндердің тапсырмаларының саны өзгерген. Қазақстан тарихы және математикалық сауаттылық пәндері бойынша 15 балдан, оқу сауаттылығы бойынша 20 балл және бейіндік пәндердің әрқайсысынан 45 балдан жинай алады. Бірақ жалпы балл – 140 өзгеріссіз қалады.

2). Бейіндік пәндерге контекст негізіндегі тест тапсырмаларының қосылуы. ҰБТ-ға 4 сағат беріледі.

ҰБТ өткізу уақыты

- 5-наурыздан – өтініш қабылданады;
- 10.03-10.04 аралығында ҰБТ болады (1 мүмкіндік);
- 26.03-10.06 – өтініш қабылданады;
- 11.04-30.06 аралығында ҰБТ болады (2 мүмкіндік). Екі тестілеуде жоғары балл алған жағдайда, білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға болады.

Тыңдалды 4-сұрақ бойынша Арилина А. Б. Ол ата-аналарды мектептің ішкі тәртібінің ережелерімен таныстырды.

VI. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.

Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, басқармашылық органдарының шешімі мен мектеп директорының бұйрығын сақтауға;

6.2 Басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің намысы мен абыройын, құқықтарын сыйлауға, олардың қызығушылықтарын шектемеуге, кішіге көмек көрсетуге;

Тәртіпті болуға, мектепте және мектептен тыс қоғамдық тәртіпті сақтауға, мектеп формасының талаптарын ұстануға;

Оқуға саналы түрде қарауға, сабақтар мен басқа да жұмыстарға уақытында келуге, жұмыс орнында тәртіп сақтауға, сабақты босатқан жағдайда мекемеден ресми құжаттар әкелуге;

Мектеп мүлкін сақтауға, басқа адамдардың еңбегінің нәтижесіне, отырғызылған көкке ұқыптылықпен қарауға;

Электркөзін, суды, химиялық препараттар мен басқа материалдарды үнемділікпен жұмсауға;

Жарғыға жатқызылатын бөлім бойынша, мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға;

Өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегіне қатысуға, сынып және мектеп бойынша кезекшілердің міндетін атқаруға. Мектеп бойынша кезекшілік сабақ басталғанға дейін 20 минут бұрын басталып, сабақ аяқталғаннан кейін 20 минуттан соң аяқталады.

Үнемі мектеп формасымен сақтау:

Қыздар:

Ақ, көк түсті кеудеше, көк түсті белдемше, ақ жейде.

Ұлдар:

Ақ, көк түсті кеудеше, көк түсті шалбар, көгілдір, ақ жейде.

Көркем еңбек, дене шынықтыру, АӘД сабақтарына оқушылар арнайы форма мен аяқ киім алып келеді.

6.10. Мектеп ішінде сыртқы киіммен жүруге тыйым салынады.

6.11. Оқушы сабақ басталмас бұрын 15-20 минут ерте келу керек.

6.12 Әр оқушыда нұсқауға сәйкес күнделігінің болуы және мұғалімнің алғашқы талабынан көрсету керек.

Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

каруды, оқ-дәріні, электр есеңгіреткішті, газ баллонды, пиротехникалық құралдарды, спирттік сусындарды, темекі, уытты және есірткі заттарын әкелуге, қолдануға, беруге;

мектеп мекемесінде және оның аумағында темекі шегуге;

кез-келген жарылыс пен өртке әкеп соғатын заттар мен құралдарды қолдануға;

мектеп Жарғысын, мектепте қоғамдық тәртіпті бұзбауға;

оқу процесі барысында мұғалімдердің рұқсатынсыз мектеп ғимаратында мобильді байланыс құралдарын қолдануға;

оқушының өзіне және айналасындағыларға қауіп тудыратын кез-келген бөгде қылық көрсетуге;

әңгіме барысында балағат сөз қолдануға;

арақатынасты анықтауға, қорқытып, үркітуге күш қолдануға;

бас киім киіп жүруге (хиджабтар, орамалдар, тақиялар);

киімге металдан жасалған әшекей-бұйымдар тағуға;

Осы ережені бұзғаны үшін оқушыларға тәртіптік жазаның түрлі шаралар қолданылады:

баласының тәртібі жайында ата-аналарын хабардар ету;

айналасындағыларға зиянын тигізетін тәртібін жою туралы шешім шығару үшін ата-анасын мектепке шақыру;

ескерту жариялау, сондай-ақ оны оқушының жеке ісіне енгізу;

ата-анасының есебінен материалды шығынды өтеу;

оқушы мен ата-анасын педкеңеске, әкімшілік кеңеске шақыру, мектептен шығару. Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда оқушы мен оның ата-анасы әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

VII. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

(немесе заңды өкілдердің).

7.1 Балаларының тәртібіне, жалпы орта білім алуына және олардың (толық) орта білім алуларына қажетті жағдай жасауға, оқушылардың сабаққа үнемі қатысуын қадағалауға жауапты;

7.2 Оқушы туралы мәліметті, баланың сабаққа келмеу себебін мектепке уақытында хабарлауға;

Оқушының академиялық қарызын жоюды қамтамасыз етуге;

Баланың ойдағыдай білім мен тәрбие алуына қажетті құралдарымен, оның ішінде спорттық киім, ауыстыратын аяқ киім, еңбек оқуына арналған киіммен қамтамасыз етуге;

Сынып және мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысуға, мектепке әкімшіліктің, педагогтың шақыртуымен келуге;

Заңнамаларда қарастырылған тәртіп бойынша, мектеп мүлкіне оқушы келтірген шығынды өтеуге;

Мектеп қызметкерлерінің құқығы мен еңбегін сыйлауға, олардың абыройын қолдауға;

Заңнама ережелерін, Жарғы мен Қағидалардың талаптарын орындауға;

Ата-аналар (заңды өкілдер) құқылы:

- Балалардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға;

- ҚР заңнамалары мен мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысуға;

- мектеп Жарғысымен және басқа құқық белгілеуші, оқу барысының уақыт тәртібін ұйымдастырудың нормативтік құжаттармен, оның ішінде Ережелермен танысуға;

- оқу барысының ағымымен және мазмұнымен, оқушылардың көрсеткіштерімен танысуға;

- оқу үлгісін (экстернат, жеке оқыту) мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық кеңестің келісімі бойынша осы үлгілерді байланыстыра таңдауға;
- (әкімшілік пен мұғалімдердің келісімімен) сабақтарға және басқа да оқу мен оқудан тыс жұмыстарға қатысуға;
- заңнама аясында сыныптың, мектептің дамуына өз еркімен қайырымдылық ретінде материалдық көмек көрсетуге;
- мектеп Жарғысы мен Ереже шарттарын орындауды талап етуге.

1. **Тыңдалды 5-сұрақ бойынша Арилина А. Б.** «Ақмола облысының Білім басқармасы» КММ 2021 жылдың 31-наурыздағы № 06-01/2087 шығыс хаты негізінде, Ақмола облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің 2021 жылғы 12 наурыздағы отырысының хаттамалық шешімінің негізінде балалардың өзіне-өзі қол жұмсауды, зорлық-зомбылықты, буллингті (Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ), лудоманияны (Құмар ойындарға тәуелділік нашаға немесе маскүнемдікке деген тәуелділіктен еш қалыспайды. Мамандар бұл дертке «лудомания» деген ат қойып та алған. Бұл дертке көбінесе жастар ұшырайды. Лудомания жасөспірімдердің психологиясына, рухани дамуына, сапалы білім алуына кері әсерін тигізеді. Осы ойындарға құмар болған адам түрлі қылмысқа баруға, сол ойындарды ойнау үшін қарызға да кіріп жатады. Бұның бәрі ойдан шығарылған зат емес, жылдар бойы зерттеліп келе жатқан жайт) және т.б, насихаттайтын сайттарға кіруін шектеу (бұғаттау) мақсатында үйдегі интернет тасығыштарға (планшеттер, ұялы телефондар, компьютерлер және т.б.) "ана-ана бақылауы" функциясын қосу керек. Баламыздың өмірі - өзіміздің қолымызда!

Тыңдалды 6-сұрақ бойынша Каратаев Т. Б. Мектепішілік ата-аналар комитетінің төрайымына барлық ата-аналар бірауыздан Азаматова Турсынгульді (6 «А» ата-аналар комитетінің төрайымы) сайлады (87718206637).

Мүшелері:

- Садуова Айгерім Қайратқызы, 5 «Ә» сынып ата-анасы (87771759749);
- Азамат Нұрбахыт, 5 «А» сынып ата-анасы (87024410907);
- Салий Жанбота, 4 «А» сынып ата-анасы (87022472609);
- Долқын Әтіргүл, 3 «А» сыныптың ата-анасы (87072600986)

Тыңдалды 7-сұрақ бойынша ата-аналар. Ата-аналар мектепке, білім сапасына байланысты сұрақтар қойды.

Жәнібек Еркежан «Барлық жерлерде карантин күшеюде. ІУ тоқсан нақты оқимыз ба? (6,7,8,10-сыныптар)».

Каратаев Т.Б. «Қазіргі уақытта Ақмола облысы «жасыл аймақта».

Санитарлық дәрігердің қаулысында қандай да бір өзгерістер болса, хабар береміз. Біз санитарлық дәрігердің талаптарына бағынамыз»

Нұрғалиева Г. «10-сыныптар емтихан тапсырады ма?»

Савилхан М. «Карантин уақытында емтихандар болмайды»

Каратаев Т.Б. «Жазғы демалыс уақытында қосымша қысқа мерзімді курстар ашылады. Балалар жоспар негізінде қатысады».

Бердиева Г. «Сырғалым» клубына нешінші сыныптан бастап қатысады?

Арилина А.Б. «Сырғалым» клубына 8-11-сыныптың қыз балалары қатысады.

Клубтың мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу. Клубтың іс-шаралары жоспарға сәйкес жүргізіледі.

«Жоғары сынып оқушыларына қосымша автобус болады ма?»

Каратаев Т.Б. «Қазіргі уақытта тасымалмен 1,2-сынып оқушылары қамтылған.

Онда барлық санитарлық талаптар сақталады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1256 Қаулысы, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулысының 2-тармағында көрсетілген нормативтер, білім беру ұйымдары мектепалды және мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен оқушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді».

Салий Ж: «Мектеп маңындағы жол мәселесі туралы сұрағым келеді және көп иттер бос жүреді».

Жумагулова Р.С. «Тұрғындардан ұсыныс түссе, қаңғыбас иттерді «Төрт түлік» фирма атады. Саяжай қасымызда, иттерді қаңғыбас болуға, біз өзіміз кінәлі. Жол жөндеу, белгі қою мәселесі салыққа байланысты. Ауыл тұрғыны көп, бірақта олардың көбі қалада тізімді, салықты қалаға төлейді. Ал біздің ауылдық округіне төленбейді. Салық аз түссе, бізге де қиын болады, сол үшін Қояндыда тұратындар, осында тіркелу керек. Мысалы, ауыл бойынша 154 км жөндеуден өту керек. Биылғы жылы 2000000 теңге салық түсті. Бұл ауыл мәселесін түзетуге аз қаражат».

Амирова М. «Үйірмелерге қосымша балалар қабылданады ма?»

Каратаев Т.Б. «Үйірмелерге қосымша қабылданады».

Жангудеев С. Ж. «Футболға, күреске, үстел ойындарына қосымша қабылдау жүргізіледі. Күреске 3-сыныптан бастап қабылданады».

Салий Ж: «4,9-сыныптарында алынған тест қорытынды бағаға әсер етеді ме?

«Таэквондо» үйірмесі ашылады ма?

Савилхан М. «Жоқ, әсер етпейді. Бұл ББЖМ. Білім алушылардың жетістіктерінің мониторингісі».

Каратаев Т.Б. «Ағымдағы жылдың 1-қаңтарынан бастап білім бөлімдері облыстық ББ ауысты. Сол себептен облыстық ББ келісім-шарт керек. Жалпы мектепте өтетін үйірмелердің бәрі тегін».

Тогтамұрат А: «3-сыныптарға балалар қабылданады ма?»

Каратаев Т.Б. «Санитарлық талаптарға сәйкес, сыныпта 25 баладан аспау керек. Біз сол талаптарды ұстанамыз. Қазіргі таңда барлық сыныптарда 25 баладан отыр».

Азаматова Т. Мектеп ұжымына үлкен рахмет. Немерелерім мектепке жақсы көңіл күймен келеді. Үйде отырғылары келмейді. Ұстаздары да білімді. Бала отбасында жақсы тәрбие алса, болашақта көп игі істер жасайтынына сенемін. Тек бір өтінішім: «Ағылшын және орыс тілдерінен қосымша сабақтар жүргізілсе дегенім»

Каратаев Т.Б. «Демалыс күндері барлық пәндерден қосымша сабақтар жүргізіліп жатыр. Өздеріңіз байқаған боларсыздар, мектепке балалар көп келіп жатыр. Барлығы оқуға құмар. Сонымен қатар өзім де қосайын дегенім, 1,4,9,11-сыныптарда және жалпы сыныптарда сыйлыққа ақша жинамасын. Мен қарсымын».

Көпбалалы ана: «Егер мен тіркеуде қалада тұрсам, балаларым тегін тамаққа қамтыла ма?»

Жумагулова Р.С «Жоқ, сіздің балаларыңыз тегін тамақпен қамтылмайды. Қайда тіркеуде тұрсыздар, сол жерде қамтамасыз етеді. Мектеп тегін тамаққа мәліметтерді акиматтан алады.»

Долқын Әтіргүл: «Көпбалалы отбасыларына көмектесуге кәсіпкерлерді де сұрауға болады. Мен шағын кәсіпкермін, өз көмегімді де қосар едім»

Каратаев Т.Б. «Мектепке көмек екі жолмен ғана жүзеге асады. 1). Қаражат аудандық есепшотқа түседі. 2). Қамқоршылық кеңес арқылы. Әр жұмсалған қаражатқа есеп беріледі».

Азамат Н: «Мектеп ұжымына үлкен рахмет. Барлық атқарылып жатқан іс-шаралар балаларға өте пайдалы. Сіздердің жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз»
Сөз алды Әбдірәсілова Д. Ж. Мектеп ұжымына үлкен алғысын білдірді. Осы мектептің ашылуына Дина апай көп еңбектенді. Қоянды № 1 мектебінде балалар үш ауысыммен оқыған соң, Парламент депутаты Дусебаев Жексенбай Картабаевичке хат жазып, парламентке дейін барып, жаңа мектеп керек екендігін дәлелдеген. Соның нәтижесінде 1-ақпан күні жаңа мектеп ашылды. Шәкірттері сапалы білім мен саналы тәрбие алу үшін, біз де, ата-аналар өз үлесімізді қосуымыз керек. Ұштаса отырып, көптеген жетістіктерге жетеміз. Ұстаздары аянбай еңбектенеді. Соны өзімнің немерелерімнен байқаймын. Еңбектеріңіз биіктерден көріне берсін.

Шайзада ақсақал өз сөзінде тәрбиеге тоқталды. Жоғарыда оқылған баяндамада айтылғандай, тәрбие 5 жасқа дейін отбасынан басталады. Сол себептен әр ата-ана отбасында баласына дұрыс тәрбие беру керек. Кейде көшеде жүрсең, балалар орысша көп сөйлейді. Ата-аналар назарда ұстасын. Бала өз туған тілінде сөйлеу керек. Сонда ғана олардан нағыз өз елінің патриоты шығады. Мектеп ұжымына, директорына үлкен рахмет. Аз ғана уақыт ішінде мектебіміз көркейіп шықты.

Шешімі:

1. Хабар мәліметке алынсын.
2. 9,11-сыныптарда қорпытынды аттестаттауға дайындық кестесі, жоспары құрастырылып, іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Мектептің ішкі тәртібінің ережелері қатаң сақталынсын.
4. Интернет тасығыштарға «Ата-ана бақылауы» функциясының орнатылуы сынып жетекшілерімен қадағалансын.
5. Мектепшілік ата-аналар комитетінің іс-шаралар жоспары құрастырылып бекітілсін.
6. Қарастырылған мәселелер орындалып, жүзеге асырылсын.

Хатшысы:**Арилина А.Б.****Жиналыс төрағасы:****Каратаев Т. Б.**